

Программалау тілдерінің кезеңдері

Программалау тілдерін бес кезеңге бөледі. Бірінші кезеңге 50-жылдардың басында компьютер алғаш пайда болғанда пайда болған тілдер жатады. Ол «бір инструкция-бір жол» принципі бойынша құрылған бірінші тілі болып табылады. Екінші кезеңнің өрлеуі 50-жылдардың соңы мен - 60-жылдардың басында болды. Онда ұғымы пайда болған, символдық ассемблер құрылған. Ол программалау тілінің бірінші толық дәрежелі тілі болды. Программалау тілінің үшінші кезеңі 60- жылдарды қамтиды. Бұл кезде кез келген облыстағы есептерді шешетін дәрежелі әмбебап тіл пайда болды. 70-жылдардың басынан бүгінге дейін программалау тілінің төртінші кезеңі. Бұл тілдер үлкен көлемді жүзеге асыруға арналған. Олар әдетте арнайыланған қолдану облысына бағытталған, онда әмбебап тілдерді емес, пәндік облыстың нақты ұғымдарын операциялайтын мәселеге бағытталған тілдерді қолдану арқылы жақсы жетістіктерге жетуге болады. Бесінші кезең тілдерінің пайда болуы 90-жылдардың ортасында. Оларға программалауды білмей, өңдеудің құралдары көмегімен құрылған қолданбалы программаларды автоматты құру жүйесі жатады. Бұл тілдерге қолданылған басты идея әмбебап программалау тілдерінде нәтижелі мәтінді автоматты түрде түрлендіру мүмкіндігі (оны артынан компиляциялау қажет).